

**2018-2020 жылдарға арналған  
Жарқамыс ауылдық округінің  
бюджетін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодекстің 9-1-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 - бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2018-2020 жылдарға арналған Жарқамыс ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 22 573 мың теңге, оның ішінде:  
салықтық түсімдер – 2 248 мың теңге;  
трансферттердің түсімдері – 20 325 мың теңге;
- 2) шығындар – 22 573 мың теңге;

2. Қазақстан Республикасының «2018-2020 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы» Заңының 8- бабына сәйкес:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері – 28 284 теңге;
- 2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 405 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 28 284 теңге болып белгіленсін.

3. 2018 жылға аудандық бюджеттен ауылдық округ бюджетіне берілетін субвенция 22 573 мың теңге сомасында көзделді.

4. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Байғанин аудандық  
мәслихатының сессия  
төрағасы**

**Байғанин аудандық  
мәслихатының  
хатшысы**